



Жадигерова А.

**КӘМЕЛЕТКЕ
ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ
ҚЫЛМЫСТЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ
ОНЫҢ АЛДЫН АЛУДЫҢ
МӘСЕЛЕЛЕРІ**

В статье рассматривается вопрос о преступности среди несовершеннолетних и проблемы профилактических работ.

This article considers the problems of criminality between minorities and problems of organization of prophylactic measures.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2030» стратегиясында: «Мемлекеттің басты бағыты – адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау және оны қамтамасыз ету, сондықтан да адам мен азаматтардың конституциясында көрсетілген құқықтарын өте жоғарғы дәрежеде кепілдендіру қажет, өйткені, тұлғаның құқықтары мен бостандықтары әлемдік өркениеттің құндылығы болып саналады» деп атап өтеді [1]. Елбасы халқына жасаған жолдауларында, осы бағытқа баса назар аударып отыр.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 27 бабына сәйкес «неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады» [2]. Балалықты қорғау Конституция мен мемлекетпен қамтамасыз етіледі. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуеттік мемлекет ретінде орнықтыру жағдайларында ең қымбат қазынасы – адам танылады, басымды және бірінші мақсаттардың бірі ретінде кәмілетке толмағандардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін қамтамасыз ету болып табылады.

Қазақстан Республикасында жастар саясатын жетілдіру, кәмілетке толмағандар арасында қылмыстылықтың профилактикасы мен алдын алуды қамтамасыз ететін заңдарды қабылдау және бағдарламаларды жүзеге асыру өз кезегінде келешек ұрпақтарға сенімділікті күшейтеді.

Кәмілетке толмағандарды қылмыс жасауға және қоғамға қарсы әрекеттерге тартатын ересектерді айқындап, оларды жауапқа тарту жастар арасындағы қылмыстардың алдын алуда елеулі рөл атқарады. Қазақстан Республикасында ауыр және аса ауыр қылмыстар бойынша қылмыстық жауапқа тартылған ересек адамдар саны жыл сайын өсуде.

Жасөспірімдер қылмыстарының төрттен бірі ересектермен бірлесіп жасалғанымен, оларды кәмілетке толмағандарды қылмысқа тартты деп айыптау оңай мәселе емес, себебі, ол «ересектердің» жасөспірімдермен арадағы жас алшақтығы кейбір жағдайларда бір, бір жарым жыл-ақ, ал қылмыс жасауға кім ынта білдіргенін кейде олар білмейді де. Кәмілетке толмағандар жасайтын қылмыстардың алдын алуда тергеушінің сақтандыру жұмыстарының маңызы зор. Олар тергеу барысында қылмыстың жасалуына ықпал еткен себептер мен жағдайларды айқындап, олар бойынша ұсыныс жасайды. Бірақ, бұл ұсыныс кейде талапқа сай келмей жатады. Тергеу аяқталардың алдында ғана асығыс жасалынатын



кездер болады. Оның үстіне ұсыныстын орындалуы қатан бақылауға алынбайды.

Егеменді де өркениетті елдің бүгінгі мен ертеңін өрге бастыратын жас жеткіншектер екені белгілі. Болашақтың тізгінін ұстайтын олардың алдағы атқара іс-әрекеттерінің түп-тамыры бүгінгі күнмен тығыз байланысты.

Жаңа Қылмыстық Кодексте кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы жеке дараланып, арнаулы бөлімде көрсетілген.

Мемлекеттің әділеттік және ізгілік принциптерін басшылыққа ала отырып, кәмелетке толмағандардың жас жағынан және ақыл-ойы жөнінен толық жетілмегендігін ескере отырып, оларды арнаулы қамқорлыққа алуының көрінісі болып табылады. Осыған орай қылмыстық заң кәмелетке толмағандарға ересектермен бірдей талап қоймайды. Кәмелетке толмағандардың психологиясын ескере отырып, оған қылмыстық жауаптылықтың ерекше жағдайларын белгілеу қылмыстық жазаның мақсаттарына жетудің бірден-бір оңтайлы жолы болып табылады. Қылмыс жасаған адамның жеке басының ерекшелігін анықтау қылмысты тергеу барысында кінәлінің жауаптылық дәрежесін белгілеу үшін өте қажет. Сондықтан да кәмелетке жасы толмағандарға қылмыстық заң жаза болып табылмайтын тәрбиелік сипаттағы мәжбүрлеу шараларын кеңінен қолдануды белгілеген.

Қылмыстық кодекстің 78-бабының 1-бөлігіне сәйкес Кәмелетке толмағандар деп қылмыс жасаған кезге қарай жасы он төртке толған, бірақ он сегізге толмаған адамдар танылады. Яғни, қылмыстық жауаптылыққа тартылатын ең төменгі жас 14-ке толу [3].

Егер кәмелетке толмаған адам Қылмыстық Кодексте көзделген жасқа толса, бірақ психикасының бұзылуына байланысты емес психикалық дамуы жағынан артта қалуы салдарынан кішігірім немесе орташа ауырлықтағы қылмысты жасау кезіндегі өзінің іс-әрекетінің /әрекетсіздігінің/ іс жүзіндегі сипаты мен қоғамдық қауіптілігін толық көлемінде түсіне алмаса не оған ие бола алмаса, қылмыстық жауапқа тартылуға тиісті емес /15-бап, 3-бөлігі/.

Егер кәмелетке толмаған адамның /14,16 жас/ есінің дұрыстығын жоққа шығармайтын психикасының бұзылуы оларды қылмыстық жауаптылықтан босатпайды, бірақ бұл мән-жайды сот жаза тағайындау кезінде жеңілдететін мән-жай ретінде ескереді және ол Қылмыстық заңда көзделген медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын тағайындау үшін негіз болады /ҚК-тің 17-бабы, 1,2-бөліктері/.

Қылмыс жасаған кезде 18-ге толған адам кәмелетке толмаған деген атаққа ие бола алмайды. Бірақ та Қылмыстық кодекстің 87-бабының талабына сәйкес он сегіз бен жиырма жас аралығындағы қылмыс жасаған адамдарға жасаған әрекетінің сипатын және жеке басын ескере отырып, сот ерекше жағдайларда оларға кәмелетке толмағандарға арналған арнайы тәрбие немесе емдеу, тәрбиелеу мекемесіне орналастыруды қоспағанда, осы бөлімнің ережелерін қолдана алады. Мұндай ретте қоғамға қауіпті істелген іс-әрекеттің мәні 18 бен 20 жас аралығындағы адамның жас мөлшеріне байланысты және психикалық жете дамымауынан болуы қажет.

Қай қылмыстылықтың да алдын алуға әуелі жалпы тәрбие, оның ішінде құқықтық тәрбие құрал болып есептеледі.

Кәмелетке толмағандардың құқық бұзуға бейім мінез-құлқын оларға нашар әлеуметтік орта әсер еткендіктен, сол ықпалдан барып қалыптасқан бейморальдық, бірақ қылмыстық емес мінез-құлық (девианттық) деп қарастырады. Сонымен қатар, құқық бұзуға бейім мінез-құлық криминогендік деп те қарастырылады. Әрине, ондай мінез-құлықтан (делинквенттік) қылмыстың жасалу мүмкіндігі зор. Бірақ бұл жерде құқық бұзуға бейім мінез-құлықтың пайда болуына әсер ететін ортақ әлеуметтік жағдайлар ғана емес, жастарға тікелей әсер ететін кейбір келеңсіз жағдайларды, олардың жеке басының психикалық ауытқуларын қамтып зерделеуді қажет еді. Себебі соңғы жылдары Қазақстан Республикасында да күрделі криминогендік жағдай қалыптасты, онда қылмыстық көріністердің ауқымы жағынан да, азаматтың, қоғамның және мемлекеттің тірлік-тіршілігіне тигізетін келеңсіз ықпалы жағынан да едәуір ерекшеліктер бар. Сонымен қатар жастардың құқық бұзуға бейім мінез-құлық мәселесі сан қилы әрі күрделі сипат алған жағдай ұдайы өзгеріп отырады, мұның бәрі ғылыми зерттеулерді керек етеді. Жұмыста, 14-29 жастар аралығындағы адамдардың мінез құлқына қатысты бөлек қарастырады. Бұл Қазақстан Республикасы «Президентінің жастар саясаты туралы» тұжырымдамасына сәйкес келеді. Сонымен қатар, адам физиологиясының даму процесі осы аралықты қамтиды.

Тәлім-тәрбие кең алғанда әлеуметтік процесс. Адамдар да, заттар да тәрбиелейді. Дегенмен, адамдардың үлес салмағы басым. Солардың ішінде ата-аналар мен педагогтар бірінші орынға шығады



екен Олай болса құқықтық тәрбиені дұрыс ұйымдастыру үшін, отбасы жағдайын жан-жақты танып білу қажет.

Қылмыс жасаушы барлық адамдарды ортақ бір немесе бірнеше белгілер сипаттайтын топтарға (типтерге) топтастыруға болатындығын атап өтуге болады. Бұл жерде жағдайдың немесе әлеуметтік тиынақсыздықтың қайсысы басым болғандығы ескеру қажет [4].

Тиянақсыз тип, бұл типке біз мына сылтаулармен алғаш рет қарақшылық шабуыл және тонаушылық жасаған респонденттерді кіргіздік, ол сылтаулар:

- ішімдікке және есірткіге қаражат табуға ұмтылу, ақша тапқысы келу, жолдастарымен ынтымақтастық, басқалар алдында өзін көрсеткісі келу. Бұл

типке теріс сипатталатын, бұрын әкімшілік құқық бұзған, қоғамдағы әлеуметтік рөлін ойдағыдай орындамаған, бірақ қарсы бағытталған зорлықты істері айқын көрініс таппаған адамдар жатады. Зорлықты қылмыс жасау олар үшін кейде ерекше маңызы бар мақсатқа жетудің амалы болып табылады. Бұл адамдардың сипаттамасы қым-қиғаш, олардың бойында жарым- жартылай криминогендік бұзылғандық та (қоғамдық пікірмен санаспау, жауапсыздық, жазаланбай қалу үміті, ішімдік, есірткі қолдану, айналаның теріс ықпалына қарсы тұра алмау, теріс дағды және т.б.), заң бұзбайтын адам бойындағы ерекшеліктер де бар.

Бұл типтегі адамдардың зорлықты қылықтары олардың эмоциясындағы ақаулардан, өзін бақылай алмаушылықтан, тұрақсыз көңіл-күйден, ашушандықтан туындайтындығы белгілі болды. Мұндай адамдарды микроорта және олардың өмір салты қалайда қылмысқа итермелейді. Бұл тип өкілдерінің өзіндік үлесі 20,5% құрайды.

Тиянақты тип. Бұл топқа кек алу, өштесу, ақша табу себептері, бұзақылық пиғылмен, есірткі, ішімдік үшін ақша табу мақсатында, жолдастарына жақтасып адам өлтіргені, денеге қасақана ауыр жарақат салғаны үшін, қылмыстық жауапкершілік жасына жеткенше қылмыстық жазаланатын әрекет жасаған немесе бұрын қылмыстық жауапкершілікке тартылып шартты түрде сотталған, қарақшылық және тонаушылық жасағаны үшін сотталған кәмелетке толмағандар қамтылған. Бұл типтің өкілдерінде агрессивтік-зорлықты бағыттылық, дәрекі күш қолдану стереотипінің қалыптасқандығы айқын және тұрақты көрініс тапқан. Олар мораль мен құқық нормалары ұдайы бұзылатын микроортада қалыптасқан.

Агрессивті-сексуалдық тип – бұл типке әйел зорлағаны және сексуалдық сипаттағы зорлықты әрекеттер жасағаны үшін сотталған кәмелетке толмағандар жатқызылған (15,5%). Өзінше жеке типке жатқызылған бұл қылмыскердің бойында зорлықты қылмыскерлерге тән ортақ қасиетпен бірге өздеріне ғана тән қасиеттер бар:

- белгілі бір сылтау – құмарлық, көңіл көтеру;
- жыныстар арасындағы қатынасқа өзінше көзқарас;
- жүгенсіздік, жыныстық қатынасты қанағаттандыруда ешқандай тосқауылды білмеу; – моральдық азғындау.

Кәнігі тип – оған зорлықты қылмыс жасаған кезде өздерінде атылатын және суық қару болған респонденттер жатқызылды (9%). Бұл типтің қылмыскерлерінде нақты және тиянақты бағыттылық бар, ол тереңге тамырланып қалған, сондықтан да олардың әрекетінде «жағдайға байланысты» жасалған деген сипат жоқ. Жәбірленуші тарапынан ынтымақ болмайды, қақтығысты жағдайды олардың өздері тудырады, жәбірленушіні соған итермелейді, ондағы мақсат – кейін оған қарсы зорлықты әрекет қолдану. Олардың бойындағы басты қасиеттер – ашушандық, ызакорлық, қатыгездік, біреуге жаны ашымаушылық, ұятсыздық, қоғамды силамаушылық, өзін өзі ұстай алмаушылық т.б.

Баланың тұлға болып қалыптасуындағы ұжымның атқаратын рөлі зор. Отбасындағы тәрбиенің кемшілігін мектеп ұжымындағы жақсы өнеге толықтыруы мүмкін.

Қазақстан Республикасы бойынша тіркелген қылмыстар саны соңғы жылдары төмендегі кестеден көруге болады.



1-Кесте. Тіркелген қылмыстар саны

	2007		2008	
	барлығы	одан кәметке толмағандарға қатысты	барлығы	одан кәметке толмағандарға қатысты
Қазақстан Республикасы	128064	6274	127478	5769
Ақмола	6251	345	6006	311
Ақтөбе	5814	337	5712	324
Алматы	8572	315	8439	312
Атырау	3634	194	3674	183
Шығыс Қазақстан	18297	386	18594	736
Жамбыл	4962	237	5549	274
Батыс Қазақстан	5333	570	5432	367
Қарағанды	11085	406	10786	557
Қостанай	9526	167	8101	291
Қызылорда	3433	167	3423	146
Маңғыстау	2749	427	3084	232
Павлодар	9533	743	9868	643
Солтүстік Қазақстан	5111	214	4881	186
Оңтүстік Қазақстан	9062	675	9669	389
Астана қаласы	4225	207	3887	151
Алматы қаласы	14785	786	14830	603
Оңтүстік-Шығыс көлік өңірі	2215	13	1971	7
Батыс көлік өңірі	946	6	935	5
Орталық көлік өңірі	1081	10	1101	7
Әскери қызметкерлермен жасалды	873	8	947	12
ГУСП	577	61	589	33

Ескерту: ҚР Статистикалық агенттігінің мәліметтері. Алматы. 2009.

Бұл кесте бойынша Қазақстан Республикасында 2007 жылмен 2008 жылды салыстырғанды қылмыстар біршама төмендеп отыр. Яғни, 586 азайған. Ал, Оңтүстік Қазақстан облысында 2007 жылға қарағанда 2008 жылы 607 қылмысқа көбейіп отыр. Кәметке толмағандарға қатысты қылмыс 286-ға төмендеген.

Статистика бойынша кәметке толмағандар арасында қылмыс ауылды жерге қарағанда қалалық жерлерде 2 есе көп жасалынады, оған мынадай жағдайлар әсер ететіндігі көрсетуге болады: 1) отбасындағы байланыстың нашарлауы, күнұзақ жұмыста болғандықтан ата-аналардың баланын жүріс-тұрысын бақылай алмауы; 2) қылмыстық элементтердің қалаларда шоғырлануы, ал олардың бір мақсаты – жастарды қылмыстық әрекетке тарту; 3) қалаларда мінез-құлқы қоғамға жат адамдардың өзара байланысу, топқа бірігу мүмкіндіктері зор; 4) кәметке толмағандардың ересектердің көзінен таса жерде уақыт өткізуге мүмкіндік табуы; 5) тұрған жерді тез ауыстырып, сол қала аумағында басқа жерге оңай жинала салу мүмкіндігі; 6) тұрған жері мен бос уақытын өткізетін жер аралығының алшақтығы, мұндай жағдай әсіресе отбасылар бір жерден екінші орынға жаппай көшкенде болады, балалар бос уақытын бұрынғы тұрған жерде өткізуге ұмтылады; 7) қалада материалдық қаражатты қылмыстық жолмен табу оңай; 8) қалада жастарды өзіне тартатын «бұзылған» жерлер жеткілікті; 9) ауыл жастары сияқты табиғатқа жақын емес, оларда мейірімділік, басқаларды аяушылық сезімі жақсы қалыптаспайды; 10) ауылдағы сияқты емес, төңірегіндегілердің пікірімен онша санаспайды; 11) ауылға қарағанда қалада кәметке толмағандардың бос уақытты өткізуі көп шығынды керек етеді және жастарға арналған демалу орындарының болмауы құқыққа қарсы мінез-құлықтың асқындауына алып келеді. Осыған байланысты, бүгінгі таңда елімізде әлеуметтік жағдайды арттыру басты мақсат екендігі, қоғам өміріндегі келеңсіз



әлеуметтік мән-жайлар мен адамның жеке басының әлеуметтік жағдайы (жұмыссыздық, кедейшілік және т.б.) психикаға тікелей әсер етеді (ашу, ыза, кек пайда болады) [5]. Бұл нақты мән-жайлар адамға теріс ықпал еткенмен, қылмысқа себеп болмайтындығы, сондықтан, кез-келген іс-әрекет адамның жеке басымен тығыз байланыстылығы дәлелденген.

Қылмыстылықтың алдын алу дегеніміз – бұл мемлекеттің, қоғамның, жеке және заңды тұлғалардың қылмыстылыққа жаңа адамдардың тартылуына, жаңа қылмыстық іс-әрекеттердің жасалуына, қоғамдық қатынастардың ары қарай криминалдануына жол бермеу мақсатында қылмыстылықтың детерминация және себептілік процесіне мақсатты ықпал етуі. Сонымен қатар, кәмілетке толмаған құқық бұзушыларға ықпал етудің негізгі педагогикалық әдістері мен тәсілдерін қарастырып, оны қалыпқа келтіруде кәмілетке толмағандардың істер жөніндегі бөлім қызметкерлерімен бірге психолог-мамандардың, педагогтардың, криминологтардың көмегі керек. Кәмілетке толмаған құқық бұзушылардың, әсіресе дамуында қандай да бір ауытқушылық барлардың, ал олардың ішінде полицияда есепте тұратындары аз емес, жеке басын зерделеуге арналған жаңа әдістемелік нұсқаулар керек. Сонымен қатар, мектепте де баланың жеке басын сыйлау, өктемшілік көрсету баршылық. Көбіне көп қиын балаларды тәрбиелеу оларға «ақыл» айтудың, ұрысу, ар-ождансыз тию тәрізді педагогикаға жат әрекеттермен аяқталады. Сондықтан, бала тәрбиесіндегі отбасында немесе мектепте орын алған кемшіліктер жинақтала келе қоғамдағы келеңсіз жағдайлармен ұштасып тәртібі нашар, немесе қиын балалардың одан әрі қоғамдық тәртіпті бұзуларына түрткі болады.

Кәмілетке толмағандардың құқықтық білімдері мен тәрбиесінің жеткіліксіздігіне кей жағдайда мектеп те кінәлі. Демек, ұлттық рухани және имандылық қасиеттерінің қайта жандануы исламдық этикаға негізделуі тиіс, оның моральдық нормалары жастарды тәрбиелеудің қазіргі тұжырымдамасында өз орнын алуы керек.

Біздің мемлекеттің болашағы көбіне қандай жастарды қалыптастырғанмен баланысты болады. Әрбір азамат ұлтына, әлеуметтік жағдайына, лауазымына және басқа жағдайларға қарамастан келешек ұрпақты тәрбиелеу мақсатында барлық күш жігерді салуға міндетті.

Кәмілетке толмағандардың арасында құқық бұзушылық пен қылмыстың өсуі бүгінгі таңда қоғам мен тұлғаның тұрақтылығы мен қауіпсіздігіне үлкен қауіп төндіруде. Осыған байланысты Қазақстан Республикасында кәмілетке толмағандар мен мемлекеттің арасында қарым қатынасты анықтайтын заңдылықтар бар, мемлекеттік органдары арқылы түрлі іс шаралар мен бағдарламалар жүзеге асырылуда.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.А. Қазақстан – 2030. Процветание, безопасность и увеличение благосостояния всех казахстанцев. Послание Президента страны народу Казахстана // Казахстанская правда. 1997.11 октября.
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы: Жеті жарғы, 200.-144 б.
3. Қайыржанов Е.І., Ерінбетова Л.Қ. Кәмілетке толмаған қылмыскер тұлғасы: Монография. – Алматы, 2003. - 171б.
4. Асмолов А. Личность как предмет психологического исследования. – М., 1984.
5. Құдиярова А. Ортақтасу психологиясы. - Алматы. 2002 ж.